Қазіргі әлемде белгілердің маңыздылығын талдау үлкен көлемдегі деректерді өңдеуде маңызды рөл атқарады (Raman et al., 2024; Akintuyi et al., 2024; Huo et al., 2024), әсіресе ауыл шаруашылығы сияқты салаларда (Tussupov et al., 2024). Көптеген факторлар арасындағы күрделі байланыстарды – климаттық жағдайлардан бастап экономикалық шығындарға дейін – ескере отырып, дәстүрлі талдау әдістері (Tussupov et al., 2024) барлық жасырын заңдылықтарды анықтау үшін жеткілікті дәл бола бермейді. Осыған байланысты әртүрлі алгоритмдерді біріктіретін және сызықтық пен сызықтық емес тәуелділіктерді ескеруге мүмкіндік беретін кешенді тәсілдерді қолдану өзекті болып отыр. Бұл зерттеу Gradient Boosting (Wijayanti et al., 2024; Reddy et al., 2024), Mutual Information (El-Kenawy et al., 2024; Yang et al., 2024), Recursive Feature Elimination (RFE) Lasso-мен үйлесімде (Zhao et al., 2024), Негізгі компоненттерді талдау (PCA) (Kamaraj et al., 2024) және Shapley Additive exPlanations (SHAP) (Ingio et al., 2024) сияқты заманауи алгоритмдерді пайдалана отырып, белгілердің маңыздылығын бағалау әдістемесін әзірлеуге бағытталған. Бұл тәсіл ауыл шаруашылығы саласындағы ресурстарды басқару процестерін оңтайландыруға, өнімділікті арттыруға және тәуекелдерді төмендетуге мүмкіндік беретін дәлірек және түсінікті нәтижелер алуға жағдай жасайды (Xiong et al., 2024; Barzani et al., 2024). Ауыл шаруашылығы саласы көптеген қиындықтарға тап болуда, соның ішінде шектеулі ресурстарды тиімді пайдалану, шығындар мен тәуекелдерді азайту, сондай-ақ өзгермелі климаттық жағдайларға бейімделу қажеттілігі. Осындай жағдайда экономикалық және өндірістік көрсеткіштерге әсер ететін негізгі факторларды анықтайтын, сондай-ақ ресурстарды оңтайландыру жолдарын ұсынатын құралдарды әзірлеу қажет. Мұндай міндеттерді табысты шешу үшін деректерді талдаудың әртүрлі тәсілдерін біріктіру қажет, бұл белгілер арасындағы байланыстарды жан-жақты түсінуге мүмкіндік береді (Hammoumi et al., 2024; Faloye et al., 2024). Бұл зерттеуде ұсынылған әдістеме үш кезеңнен тұрады: Деректерді алдын ала өңдеу, Белгілердің маңыздылығын бірнеше әдістерді қолдану арқылы бағалау, Нәтижелерді неғұрлым терең түсіндіру үшін оларды біріктіру. Бұл тәсіл әр алгоритмнің артықшылықтарын біріктіре отырып, олардың шектеулерін азайтуға мүмкіндік береді. Әдістеменің маңызды ерекшелігі – SHAP талдауы арқылы нәтижелерді интерпретациялауға баса назар аудару, бұл модельдердің айқындығы мен түсіндірілуін қамтамасыз етеді.Ұсынылған тәсіл ауыл шаруашылығы деректерін талдау үшін аса өзекті, өйткені су пайдалану, тыңайтқыштар мен егістік алқаптарының көлемі сияқты көптеген факторлар экономикалық және өндірістік көрсеткіштерге тікелей әсер етеді. Болашақта зерттеулер нақты уақыт режиміндегі деректерді талдау әдістемесін кеңейтуге, шешім қабылдауды қолдау жүйелерімен интеграциялауға және климаттық өзгерістер мен экономикалық факторларды динамикалық ескеруге қабілетті бейімделгіш модельдерді әзірлеуге бағытталатын болады. Бұл агро-

өнеркәсіптік процестердің тұрақтылығы мен тиімділігін арттыруға мүмкіндік беретін неғұрлым дәл және икемді талдау жүйелерін құруға жол ашады.

Әдістер мен материалдар

Көпөлшемді деректердегі белгілердің маңыздылығын талдау үшін кешенді тәсіл әзірленді. Ол келесі кезеңдерді қамтиды: Деректерді алдын ала өңдеу, Маңыздылықты бағалау әдістерін қолдану, Нәтижелерді біріктіру және визуализациялау. Бұл тәсіл белгілер мен мақсатты айнымалылар арасындағы сызықтық және сызықтық емес байланыстарды ескеруге, сондай-ақ алынған нәтижелерді түсіндіруді қамтамасыз етуге бағытталған. 1-суретте көрсетілген алгоритм белгілердің маңыздылығын бағалау мен оларды әртүрлі талдау әдістері арқылы біріктірудің ретті қадамдарын сипаттайды.



Сур. 1. Белгілердің маңыздылығын бағалау алгоритмі

(*Fig. 1.* Algorithm for assessing the importance of signs)

1. Деректерді түрлендіру.

Шеткі мәндердің әсерін азайту және аддитивті құрылымды қамтамасыз ету үшін логарифмдік функцияны қолдану арқылы деректерді түрлендіру жүзеге асырылады. Барлық x_j белгілері үшін, мұндағы $x_j > 0$, логарифмдік түрлендіру келесі түрде анықталады (1):

$$x_i' = \log(1 + x_i) \quad (1)$$

мұндағы: x_i – белгінің бастапқы мәні, x_i' – түрлендірілген мәні.

2. Стандарттау. Барлық белгілер z-есебін (z-score) пайдалану арқылы стандартталады, оларды орташа мәні 0 және стандартты ауытқуы 1 болатын бірыңғай шкалаға келтіру үшін (2):

$$z_i = \frac{x_i' - \mu_i}{\sigma_i} \quad (2)$$

мұндағы:

x_i' – белгінің түрлендірілген мәні,

μ_i – белгінің орташа мәні,

σ_i – белгінің стандартты ауытқуы,

z_i – белгінің стандартталған мәні.

Айнымалыларды түрлендіру:

$Z = [z_1, z_2, ..., z_n]$, мұнда n*– белгілер саны.

Стандарттау белгілерді бірыңғай шкалаға келтіріп, оларды салыстыруға мүмкіндік береді. Осылайша *Z* стандартталған деректері келесі талдау қадамына жіберіледі.

3. Белгілердің маңыздылығын үш әдіс арқылы есептеу. 1) Gradient Boosting (GB):

Белгілердің маңыздылығы ағаштың ішкі құрылымы арқылы анықталады**.** Әрбір белгі үшін маңыздылық мәні сәйкес келеді, ол келесі түрде есептеледі (3):

$$z_i \qquad I_{GB}(z_i)$$

$$I_{GB}(z_i) = \sum_{t=1}^{T} \Delta E_t(z_i) \quad (3)$$

мұндағы T - модельдегі ағаштар саны, $\Delta E_t(z_i)$ - t-ші z_i белгісін қосу арқылы қатенің азаюы. Белгілердің маңыздылығы z_i белгісінің модель қатесін азайтуға қосқан үлесін көрсетеді. Қорытынды $I_{GB}(z_i)$ мәндері белгілерді маңыздылығы бойынша саралауға (ранжирлеуге) мүмкіндік береді. Шығыс айнымалылары: $I_{GB} = [I_{GB}(z_1), I_{GB}(z_2), ..., I_{GB}(z_n)]$, мұнда n – белгілер саны.

2) Өзара ақпараттылық (Mutual Information, MI): Белгі z_i мен мақсатты айнымалы y арасындағы өзара ақпараттылық келесі формула бойынша

есептеледі (4):

$$I_{MI}(z_i, y) = H(z_i) - H(z_i)|y \quad (4)$$

мұндағы $H(z_i)$ – белгінің энтропиясы z_i (5),

$$H(z_i) = -\sum_j P(z_i = j) log P(z_i = j) \quad (5)$$

$H(z_i)|y$ – берілген y үшін белгі z_i шартты энтропиясы (6),

$$H(z_i)|y = -\sum_k P(y = k) \sum_j P(z_i = j|y = k) log P(z_i = j|y - k) \quad (6)$$

Өзара ақпараттылық (Mutual Information) белгінің z_i мен мақсатты айнымалы y-тің өзара тәуелділік дәрежесін өлшейді. Өзара ақпараттылық неғұрлым жоғары болса, z_i мен y арасындағы байланыс соғұрлым күшті болады. Шығыс айнымалылары: $I_{MI} = [I_{MI}(z_1, y), I_{MI}(z_2, y), ..., I_{MI}(z_n, y)]$.

3) RFE with Lasso: Лассо (Lasso) моделін қолданатын рекурсивті белгі жою (RFE) әдісі. Белгілердің маңыздылығы жою процесі кезінде берілген рангтар арқылы есептеледі (7):

$$I_{RFE}(z_i) = \frac{1}{rank(z_i)+1} \quad (7)$$

мұндағы $rank(z_i)$ z_i белгісі шығарылған итерация. Ранк келесі түрде есептеледі (8):

$$rank(z_i) = k \quad (8)$$

мұндағы k - z_i белгісі модельден шығарылатын итерация нөмірі. Белгі z_i модельден неғұрлым кеш шығарылса, оның дәрежесі соғұрлым жоғары болады, және сәйкесінше, оның маңыздылығы артады. Шығыс айнымалылар: $I_{RFE} = [I_{RFE}(z_1), I_{RFE}(z_2), ..., I_{RFE}(z_n)]$.

4. Белгілердің маңыздылығын біріктіру. Әр әдіс үшін нәтижелер келесі формула бойынша біріктіріледі (9):

$$I_{combined}(z_i) = \frac{I_{GB}(z_i)+I_{MI}(z_i)+I_{RFE}(z_i)}{3} \quad (9)$$

Комбинацияланған маңыздылық $I_{combined}(z_i)$ әртүрлі талдау әдістерін ескере отырып, белгілердің маңыздылығын неғұрлым сенімді бағалауды қамтамасыз етеді. Айнымалыларды түрлендіру (10):

$$I_{combined} = [I_{combined}(z_1), I_{combined}(z_2), ..., I_{combined}(z_n)] \quad (10)$$

5. Негізгі компоненттерді талдау (PCA). PCA + Combination әдісі белгілердің маңыздылығын әртүрлі алгоритмдердің (Gradient Boosting, Mutual Information, RFE with Lasso) нәтижелерін біріктіру және негізгі компоненттер талдауын (PCA) қолдану арқылы бағалайды. Нормаланған маңыздылықтарды негізгі компоненттер кеңістігіне проекциялау PCA арқылы алынған W компоненттік матрицасын пайдалану арқылы жүзеге асырылады (11):

$$I_{PCA}(k) = \sum_{i=1}^{n} I_{normalized}(z_i) * |W_{k,i}| \quad (11)$$

мұндағы: $I_{PCA}(k)$ - k-шы негізгі компоненттің маңыздылығы, $W_{k,i}$ – PCA

компоненттер матрицасының элементі, ол z_i белгісінің *k*-шы негізгі компонентке қосқан үлесін көрсетеді.

Бастапқы кеңістікке кері түрлендіру. Негізгі компоненттер кеңістігінен белгілер кеңістігіне маңыздылықтарды кері түрлендіру транспозицияланған компоненттер матрицасы W^T арқылы жүзеге асырылады (12):

$$I_{original}(z_i) = \sum_{k=1}^{n} I_{PCA}(k) * |W_{k,i}| \quad (12)$$

Маңыздылықтарды нормалау. Алынған мәндер интерпретацияны қамтамасыз ету үшін нормаланады (олардың қосындысы 100% болады) (13):

$$I_{PCA}(z_i) = \frac{I_{original}(z_i)}{\sum_{j=1}^{n} I_{original}(z_j)} * 100 \quad (13)$$

мұндағы $I_{PCA}(z_i)$ – басты компоненттер кеңістігінен кері түрлендіруден кейін есептелген z_i белгісінің соңғы маңыздылығы.

6. SHAP талдауы. SHAP талдауы әрбір белгінің модель болжамына қосқан үлесін бағалау үшін қолданылады. Бұл талдау аралық мақсатты айнымалыға (y_{proxy}) негізделеді. Аралық мақсатты айнымалы (y_{proxy}) Gradient Boosting, Mutual Information және RFE with Lasso әдістері арқылы есептелген белгілердің салмақтарын сызықтық біріктіру арқылы құрастырылады.

1) Белгілердің біріктірілген маңыздылығы. Әрбір белгінің маңыздылығы үш әдіс бойынша орташа мән ретінде есептеледі (14):

$$NormalizedImportance_i = \frac{GB_i + MI_i + RFE_i}{\sum_{j=1}^{N}(GB_j + MI_j + RFE_j)} \quad (14)$$

мұндағы: GB_i - Gradient Boosting әдісі арқылы алынған i-белгінің маңыздылығы, MI_i - Mutual Information әдісі арқылы есептелген i-белгінің маңыздылығы, RFE_i - RFE (Recursive Feature Elimination) әдісі арқылы Lasso пайдаланып анықталған *i* -белгінің маңыздылығы, *N* - белгілер саны, $NormalizedImportance_i$ – *i*- белгінің ақырғы нормаланған маңыздылығы.

2) Прокси мақсатты айнымалыны құру. Прокси мақсатты айнымалы y_{proxy} *X* белгілерінің нормаланған маңыздылығын пайдалана отырып сызықтық комбинация ретінде қалыптастырылады (15):

$$y_{proxy} = \sum_{i=1}^{N} NormalizedImportance_i * x_i \quad (15)$$

мұндағы: y_{proxy} - прокси мақсатты айнымалы, x_i – *i* -ші белгінің мәні.

3) Белгілер үшін SHAP мәндері. SHAP мәндері Шепли теориясы негізінде есептеледі: SHAP әрбір *i* белгісінің k бақылауына қосқан үлесін SHAP мәндері (ϕ_i^k) арқылы бағалайды, олар Шепли теориясының формуласы бойынша есептеледі (16):

$$\phi_i^k = \sum_{S \subseteq N\{i\}} \frac{|S|!(|N|-|S|-1)!}{|N|!} [f(S \cup \{i\}) - f(S)] \quad (16)$$

мұндағы S – i белгісін қоспағандағы белгілер жиынтығы, N - барлық белгілер жиынтығы, $f(S)$ - тек S белгілер жиынтығында оқытылған f_GB моделінің болжамы, $f(S \cup \{i\})$ - S белгілер жиынтығына i белгісі қосылған кезде оқытылған f_GB моделінің болжамы.

Белгілердің жиынтық маңыздылығы ($NormalizedImportance_i$ олардың прокси-нысананың (proxy target) қалыптасуына әсерін анықтайды. Бұл нысана белгілердің салыстырмалы маңыздылығын ескере отырып, олардың сызықтық комбинациясы арқылы құрылады. Gradient Boosting моделі белгілер арасындағы күрделі өзара байланыстарды есепке алу үшін қолданылады, бұл прокси-нысана айнымалысын дәлірек болжауға мүмкіндік береді. Қосымша түрде, SHAP әдісі модель болжамдарына әрбір белгінің қосқан үлесін бағалау үшін қолданылады, бұл маңыздылықты түсінікті түрде интерпретациялауға көмектеседі. Бұл әдіс әртүрлі бағалау әдістерінен алынған ақпаратты біріктіреді, бұл белгілердің күрделі өзара әрекеттесулерін есепке алуға және олардың үлесін неғұрлым дәл әрі түсінікті бағалауға мүмкіндік береді.

7. **Нәтижелерді визуализациялау.** Әрбір мақсатты айнымалы у үшін I_{PCA}, $I_{combined}$ және I_{SHAP} нәтижелері нормаланған және ең маңызды 5 белгіні визуализациялау үшін пайдаланылған (17):

$$I_{norm}(x_i) = \frac{I(x_i)}{\sum_{j=1}^{n} I(x_i)} * 100 \quad (17)$$

Қорытынды визуализация әрбір әдістің маңыздылық пайыздық мәндерін көрсететін көлденең жолақтар түрінде құрылады.

Нәтижелер және оларды талқылау

Әртүрлі әдістерді, соның ішінде PCA, SHAP және біріктірілген тәсілдерді қолданып, белгілердің маңыздылығын талдау жүргізгеннен кейін, олардың нысаналы айнымалыға (target variable) ықпалын жақсырақ түсіну үшін нәтижелерді визуализациялауға болады. 2-сурет нысаналы айнымалы «Нарықтық сыйымдылық (%)» үшін белгілердің маңыздылығын талдау нәтижелерін көрсетеді. Бұл талдау үш түрлі әдіс арқылы жүргізілді: PCA + Combination, Simple Combination және SHAP талдауы. Әрбір әдіс нысаналы айнымалыны болжауға белгілердің қаншалықты әсер ететінін өзіне тән алгоритмдер арқылы бағалайды. Горизонталды бағандық диаграмма таңдалған нысаналы айнымалы үшін ең маңызды бес белгіні көрсетеді. Диаграммадағы әрбір баған белгінің салыстырмалы маңыздылығын пайыздық түрде көрсетеді. Үш әдіс диаграммада әртүрлі түстермен белгіленген: Көк – PCA + Combination, Қызғылт сары – Simple Combination, Жасыл – SHAP талдауы.



Сур. *2. "Нарық сыйымдылығы (%)" үшін белгілердің маңыздылығын PCA, Simple Combination және SHAP әдістері арқылы салыстыру*
(*Fig. 2.* Comparing the importance of features for "Market Capacity (%)" using PCA, Simple Combination and SHAP methods)

SHAP талдауы өндіріс көлемі мен нарықтық сыйымдылыққа әсері жоғары болғандықтан, «Егістік жер аумағы (га)» көрсеткішін ең маңызды фактор ретінде анықтады (59.5 %). Сонымен қатар, «Қолданылған тұқым саны (кг)» (11.1 %) және «Жанармай шығындары» (6.1 %) сияқты факторлардың да маңыздылығын атап өтті. Әдістерді қарапайым біріктіру маңыздылықтың неғұрлым тең бөлінуін көрсетті: «Егістік жер аумағы» (16.2 %) және «Тұқым саны» (13.1 %) негізгі факторлар болып қала отырып, жергілікті әсерлерді тегістеді. PCA + Combination дисперсияны түсіндіретін факторларға назар аударады, мұнда «Егістік жер аумағы» (10.2 %) және «Тұқым саны» (10.0 %) көшбасшы болып қалды. Бұл әдістер бірін-бірі толықтырып, нарықтық сыйымдылыққа әсер ететін факторлардың теңгерімді және жан-жақты талдауын қамтамасыз етеді. 3-суретте «Сценарий бюджеті (валюта)» мақсатты айнымалысы үшін белгілердің маңыздылығын бағалау нәтижелері көрсетілген. Бағалау үш әдіс негізінде жүргізілді: PCA + Combination, қарапайым біріктіру және SHAP талдауы. Әр әдіс бюджет көрсеткіштеріне ең үлкен әсер ететін факторларды анықтайды.



Сур. 3. *«Сценарий бюджеті (валюта)» үшін белгілердің маңыздылығын PCA, Қарапайым комбинация және SHAP әдістерімен салыстыру*
(*Fig. 3.* Comparing the importance of features for «Scenario Budget (Currency)» using PCA, Simple Combination, and SHAP methods)

SHAP талдауы ауыл шаруашылығы жерінің ауданы (58.5 %) ең маңызды фактор екенін анықтады, себебі ол топырақ өңдеу, тыңайтқыштар және техника шығындарына тікелей әсер етеді. Сонымен қатар, «Қолданылған тұқым саны» (7.3 %) және «Тыңайтқыштарға жұмсалған шығындар» (6.1 %) маңызды факторлар ретінде ерекшеленді.тӘдістердің қарапайым үйлесімі факторлардың неғұрлым теңгерімді таралуын көрсетті: «Ауыл шаруашылығы жерінің ауданы» (14.5 %), «Тұқым саны» (12.8 %) және «Тыңайтқыш шығындары» (10.7 %) негізгі факторлар қатарында болды, бұл теңдестірілген талдау жасауға мүмкіндік берді. PCA + Combination әдісі «Ауыл шаруашылығы жерінің ауданы» (9.1 %) және «Тұқым саны» (8.9 %) көшбасшы екенін көрсетті, бірақ басқа белгілердің үлесін бірқалыпты таратып, дисперсияға назар аударды. Әдістердің біріктірілген қолданылуы бюджетті қалыптастыруға әсер ететін факторларды тереңірек түсінуге мүмкіндік береді, күрделі тәуелділіктерді талдау, тепе-теңдікті сақтау және ғаламдық үрдістерді анықтауды біріктіреді. 4-суретте «Сценарий рейтингі (ұпай)» мақсатты айнымалысына әсер ететін факторлардың маңыздылығын талдау нәтижелері көрсетілген. Талдау үш түрлі тәсіл арқылы жүргізілді: PCA + Combination, Simple Combination және SHAP әдістері. Әр әдіс сценарий рейтингін қалыптастырудағы жеке белгілердің маңыздылығы туралы өзіндік бірегей түсінік берді.



Сур. 4. *"Сценарий рейтингі (ұпайлар)" үшін белгілердің маңыздылығын PCA, Simple Combination және SHAP әдістерімен салыстыру*
(*Fig. 4.* Comparing the importance of features for "Scenario Rating (Scores)" using PCA, Simple Combination, and SHAP methods)

SHAP талдауы «Егіс алаңы (га)» көрсеткішін сценарийді бағалаудағы негізгі фактор ретінде белгіледі (54.8 %), бұл оның өнімділік пен операциялардың сәттілігі үшін маңызды екенін көрсетеді. Сонымен қатар, «Қолданылған тұқым саны» (12.0 %) және «Жауын-шашын мөлшері» (6.2 %) маңызды белгілер ретінде ерекшеленді. Әдістерді қарапайым біріктіру маңыздылықтың біркелкі таралуын көрсетті, мұнда «Егіс алаңы» (15.8 %) және «Тұқым саны» (13.0 %) көшбасшы болып қала берді, бұл теңгерімді талдауды қамтамасыз етеді. PCA + Combination әдісі ANOVA арқылы «Егіс алаңы» (10.7 %) және «Тұқым саны» (10.4 %) белгілерін ерекше атап өтті, бұл жоғары корреляцияланған деректерді тиімді өңдеуге мүмкіндік берді. Барлық әдістерді біріктіріп пайдалану күрделі байланыстарды ескеруге, нәтижелерді теңестіруге және жаһандық трендтерді анықтауға мүмкіндік береді, бұл сценарий рейтингін анықтауға әсер ететін факторларды жан-жақты түсінуге ықпал етеді. 5-суретте «Өнімділікті арттыру (%)» мақсатты айнымалысына әсер ететін белгілердің маңыздылығын талдау нәтижелері үш түрлі әдіс: PCA + Combination, қарапайым біріктіру және SHAP талдауы арқылы ұсынылған.



Сур. 5. *"Сценарий рейтингі (ұпай)" үшін белгілердің маңыздылығын PCA, Simple Combination және SHAP әдістері арқылы салыстыру*
(*Fig. 5.* Comparing the importance of features for "scenario rating (score)" using PCA, Simple Combination and SHAP methods)

SHAP талдауы көрсеткендей, гектарға шаққандағы өнімділік (тонна/га) өнімділікті арттырудағы ең маңызды фактор болып табылады (70,3 %), бұл оның негізгі әсерін атап көрсетеді. Сонымен қатар, тыңайтқышқа жұмсалған шығындар (4,6 %) және тұқым саны (4,3 %) аз мәнге ие болғанымен, маңызды рөл атқарады. Әдістерді қарапайым біріктіру маңыздылықты біркелкі таратып, өнімділіктің жетекші рөлін (65,6 %) растады, сондай-ақ тыңайтқышқа жұмсалған шығындардың (6,2 %) маңызды үлесін қосты. PCA + Combination әдісі гектарға шаққандағы өнімділіктің (22,5 %) жетекші фактор екенін көрсетсе де, егістік алқабының көлемі (11,5 %) және су шығыны (11,0 %) жаһандық үрдістердегі маңыздылығын айқындады. Әдістерді біріктіріп қолдану күрделі байланыстарды ескеруге мүмкіндік береді, теңдестірілген бағалау жүргізуге және жаһандық үрдістерді анықтауға көмектеседі, бұл өндіріс тиімділігін арттыру стратегиялары үшін өте маңызды. 6-сурет шығындарды азайтуға әсер ететін факторлардың маңыздылығын талдау нәтижелерін көрсетеді (PCA + Combination, Simple Combination және SHAP талдау әдістері бойынша).



Сур. 6. Атрибуттардың шығындарды азайтуға әсері (%)
(*Fig. 6.* Impact of attributes on cost reduction (%))

SHAP талдауы негізгі шығындарды азайту факторы ретінде "Жер аумағын (га)" (61,8 %) анықтады, бұл масштабтың үнемділігі арқылы шығындарды оңтайландыруға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, "Тыңайтқыш құны" (7,5 %) және "Жауын-шашын мөлшері" (4,3 %) маңызды факторлар ретінде ерекшеленді. Әдістердің қарапайым үйлесімі маңыздылықты біркелкі бөлді, "Жер аумағы" (16,0 %) рөлін растады және "Тыңайтқыш құны" (10,9 %) мен "Жауын-шашын мөлшері" (10,3 %) сияқты факторлардың үлесін арттырды. PCA + Combination "Жер аумағы" (10,2 %) және "Жауын-шашын мөлшерін" (8,0 %) глобалды қатынастарды талдау арқылы маңызды факторлар ретінде белгіледі. Барлық әдістерді бірге пайдалану күрделі бейсызық байланыстарды ескеруге, жалпы заңдылықтарды анықтауға және теңгерімді талдау жасауға мүмкіндік береді, бұл шығындарды басқару стратегиялары мен ауыл шаруашылығы өндірісінің тиімділігін арттыру үшін маңызды. 7-сурет PCA + Combination, қарапайым комбинация әдісі және SHAP талдауы арқылы тәуекелді азайтуға әсер ететін факторлардың маңыздылығын (%) талдау нәтижелерін көрсетеді.



Сур. 7. Белгілердің тәуекелді төмендетуге әсері (%)
(*Fig. 7.* Impact of signs on risk reduction (%))

SHAP талдауы «Нарыққа дейінгі қашықтық (км)» көрсеткішін негізгі тәуекелдерді азайту факторы ретінде анықтады (68,4 %), бұл оның логистика мен өнімнің қауіпсіздігіне әсерін көрсетеді. Сондай-ақ, «Тасымалдау құны» (12,4 %) және «Тыңайтқыш құны» (4,1 %) маңызды белгілер ретінде ерекшеленді. Simple Combination әдісі «Нарыққа дейінгі қашықтықтың» (61,7 %) және «Тасымалдау құнының» (13,6 %) маңыздылығын растады, сонымен қатар басқа факторлардың теңгерімді үлесін қосты. PCA + Combination әдісі «Нарыққа дейінгі қашықтық» (28,7 %) басты фактор екенін көрсетті, оған «Тасымалдау құны» (10,0 %) және «Тыңайтқыш құны» (8,1 %) жаһандық заңдылықтар шеңберінде қосымша әсер етті. Барлық әдістерді біріктіріп қолдану тәуекелдерді төмендетуге әсер ететін факторларды терең түсінуге мүмкіндік береді және ауыл шаруашылығындағы стратегиялық басқарудың негізгі құралы болып табылады. 8-суретте PCA + Combination, Simple Combination және SHAP талдау әдістерінің нәтижелері негізінде қуатты пайдалану тиімділігіне (%) әсер ететін факторлардың маңыздылығы көрсетілген.

SHAP талдауы жер көлемін (га) негізгі табыс факторы ретінде анықтады (57,2 %), ал тұқым пайдалану (6,8 %) және тыңайтқыш құны (6,2 %) ресурстарды оңтайландырудың маңыздылығын көрсетті. Simple Combination әдісі жер көлемінің (14,5 %) маңыздылығын растады, сонымен қатар тұқым пайдаланудың (10,7 %) және тыңайтқыш құнының (8,7 %) үлесін қосты, бұл теңдестірілген талдауды қамтамасыз етті. PCA + Combination әдісі белгілердің маңыздылығын біркелкі бөліп, жер көлемін (9,1 %) және тұқым пайдалануды (8,7 %) негізгі факторлар ретінде анықтады.Әдістердің біріктірілген қолданылуы сызықтық емес байланыстар мен жаһандық үрдістерді есепке ала отырып, табысты анықтайтын факторларды кешенді түсінуге мүмкіндік береді, бұл агробизнес

секторында стратегиялық басқару үшін өте маңызды. Кооперативтік ойын теориясына негізделген SHAP талдауы белгілердің мақсатты айнымалыларға қосқан үлесін сандық тұрғыдан бағалап, сызықтық емес тәуелділіктер мен өзара әрекеттесулерді ескерді. Аралық мақсатты айнымалыларды пайдалану арқылы SHAP "Жер көлемі (га)" факторын "Нарық сыйымдылығы" (59,5 %) және "Сату кірісі" (57,2 %) үшін негізгі фактор ретінде анықтады, бұл өндіріс ауқымының маңыздылығын көрсетті. Әдіс сондай-ақ жергілікті әсерлерді ашты, мысалы, "Нарыққа дейінгі қашықтық" (68,4 %) сияқты логистикалық факторлардың тәуекелдерді азайтуға әсері. SHAP әдісі күрделі байланыстарды терең түсіндіруді қажет ететін мәселелерде тиімділігін дәлелдеді. Gradient Boosting, Mutual Information және RFE with Lasso әдістерін біріктіру сызықты және сызықтық емес байланыстарды ескере отырып, факторлардың теңдестірілген талдауын қамтамасыз етеді. Бюджеттік сценарий үшін негізгі факторлар жер көлемі (14,5 %), тұқым пайдалану (12,8 %) және тыңайтқыш құны (10,7 %) болды, бұл олардың операциялық шығындардағы маңыздылығын көрсетеді. PCA + Combination әдісі жаһандық үрдістерді және өзара тәуелді деректер құрылымдарын анықтайды, ең үлкен өзгерісті енгізетін белгілерге назар аударады. Мысалы, өнімділікті арттыру үшін негізгі факторлар "Гектарға шаққандағы өнімділік" (22,5 %) және "Егістік алқабының көлемі" (11,5 %) болды. Екі әдіс те жергілікті және жаһандық тәуелділіктерді тиімді талдайды, бұл стратегиялық жоспарлау үшін өте маңызды.

Қорытынды

Бұл мақалада агробизнес саласындағы факторлардың маңыздылығын талдауға арналған біріктірілген тәсіл ұсынылады, ол үш әдісті біріктіреді: SHAP талдауы, Қарапайым Комбинация (Simple Combination) және PCA + Комбинация. Зерттеу нәтижелері бірнеше тәсілді қолдану өнімділік, шығындарды азайту, тәуекелдерді басқару және кірісті арттыру сияқты негізгі көрсеткіштерге әсер ететін факторларды кешенді бағалауға мүмкіндік беретінін көрсетті. SHAP талдауы түзу емес байланыстарды түсіндіруге бағытталған, онда «Жер аумағы» сияқты негізгі факторлар анықталып, олардың әртүрлі мақсатты айнымалыларға әсері көрсетілді. Бұл өндіріс ауқымының маңыздылығын ерекше атап өтеді. Қарапайым Комбинация (Simple Combination) факторлардың маңыздылығын теңдестірілген түрде көрсетті, соның ішінде сызықтық және жаһандық байланыстарды ескерді. Бұл әдіс операциялық шығындарды бағалау үшін өте пайдалы. PCA + Комбинация жаһандық трендтерге назар аударып, өзара тәуелді деректер құрылымдарын анықтады. Сонымен қатар, бұл әдіс өнімділікті арттыру және шығындарды азайту сияқты көрсеткіштерге факторлардың әсерін егжей-тегжейлі сипаттады. Зерттеу нәтижелері әр әдістің өзіндік артықшылықтары бар екенін және олардың үйлесімді қолданылуы факторлар арасындағы күрделі өзара байланыстарды тереңірек түсінуге ықпал ететінін көрсетті. Ұсынылған тәсіл ресурстарды басқару процестерін оңтайландыруға, өндіріс тиімділігін арттыру стратегияларын жоспарлауға және аграрлық сектордағы тәуекелдерді барынша азайтуға тиімді түрде қолданылуы мүмкін. Болашақта зерттеу методологияны нақты уақыт режимінде деректерді талдауға бейімдеу және оны шешімдерді қолдау жүйелерімен біріктіру бағытында жалғасады. Бұл талдаудың дәлдігі мен икемділігін одан әрі арттыруға мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТТЕР

Раман Р., Кантари Х., Гокхале А.А., Элангован К., Минакши Б., Шринивасан С. (2024). Машиналық оқыту алгоритмдерін пайдалана отырып ауылшаруашылық өнімділігін болжау // — *2024 Халықаралық автоматтандыру және есептеу конференциясы (AUTOCO*M), IEEE. — 2024. — Б. 187–191.

Акинтуйи О.Б. Дәлме-дәл егіншілікте бейімделген жасанды интеллект: нақты уақыттағы деректер негізінде ферма операцияларын оңтайландыру үшін өзін-өзі үйрететін алгоритмдерді қолдануды зерттеу // — *Research Journal of Multidisciplinary Studies.* — 2024. — Т. 7. — № 02. — Б. 016–030.

Хуо Д., Малик А.У., Равана С.Д., Рахман А.У., Ахмеди И. (2024). Смарт фермерлік картасы: деректерге негізделген дәуірдегі ауылшаруашылық мәселелерін шешу // Renewable and Sustainable Energy Reviews. — 2024. — Т. 189. — Б. 113858.

Тусупов Ж., Есенова М., Абдикеримова Г., Аимбетов А., Бактыбеков Қ., Мурзабекова Г., Айтимова У. (2024). Машиналық оқыту әдістерін қолдану арқылы ауылшаруашылық дақылдарының аурулары мен зиянкестерін анықтауда формалды концептілерді талдау // IEEE Access. — 2024.

Тусупов Ж., Абдикеримова Г., Исмаилова А., Касымова А., Белдеубаева З., Айтимов М., Макулов Қ. (2024). Дала дақылдарындағы аурулар мен зиянкестер динамикасын құрылымдық деректер негізінде талдау // IEEE Access. — 2024.

Виджаянти Э.Б., Сетиади Д.Р.И.М., Сетиоко Б.Х. (2024). Экстремалды градиенттік күшейту негізінде күріш өнімділігін болжауға арналған деректер жиынын талдау және ерекшеліктерін анықтау // — *Journal of Computing Theories and Applications.* — 2024. — Т. 1. — № 3. — Б. 299–310.

Редди Н., Манимегалай Т. (2024). Наивті Байес алгоритмімен салыстырмалы түрде градиенттік күшейту алгоритмін пайдаланып ауылшаруашылық өнімділігін болжау // AIP Conference Proceedings. — 2024. — Т. 2853. — № 1.

Эль-Кенави Э.С.М., Альхуссан А.А., Ходададди Н., Миржалили С., Эйд М.М. (2024). Тұрақты ауыл шаруашылығы үшін машиналық және терең оқыту арқылы картоп өнімділігін болжау // Potato Research. — 2024. — Б. 1–34.

Ян Ю., Чжоу Ш., Сюй Ц., Ван Х., Лю Л., Цао В. (2024). Су-энергетикалық байланыстың тұрақтылығын талдау үшін экологиялық желілерге өзара ақпаратты біріктіру: Янцзы өзенінің экономикалық белдеуі мысалында // — *Journal of Cleaner Production.* — 2024. — Т. 448. — Б. 141705.

Чжао Ш., Чжан М., Сяо З., Кан Б. (2024). Шамаланған дәлелді өзара ақпаратты пайдаланып деректердің сенімділігі мен салыстырмалы салмағын бағалау // Engineering Applications of Artificial Intelligence. — 2024. — Т. 133. — Б. 108409.

Камарадж В.В., Маран П.С., Ранджана П. (2024). Топырақты жіктеу және өнімділікті арттыру үшін модификацияланған рекурсивті ерекшеліктерді жою (MRFE) әдісі // AIP Conference Proceedings. — 2024. — Т. 3075. — № 1.

Ингио Ж.А., Нсанг А.С., Иорлиам А. (2024). Күріш өнімділігін болжауды көптік сызықтық регрессия мен рекурсивті ерекшеліктерді жою арқылы оңтайландыру // — *Journal of Future Artificial Intelligence and Technologies*. — 2024. — Т. 1. — № 2. — Б. 96–108.

Сюн Л., Ан Ж., Хоу Ю., Ху Ц., Ван Х., Чен Ю., Тан Ш. (2024). Өзара байланысты газ сенсоры деректерін өңдеуге арналған топішілік репрезентативті ерекшеліктерді таңдау негізінде жақсартылған SVR рекурсивті ерекшеліктерді жою (IRFS-SVR-RFE) // Sensors and Actuators B: Chemical. — 2024. — Т. 419. — Б. 136395.

Барзани А.Р., Пахлавани П., Горбанзаде О., Голамния К., Гамиси П. (2024). Орман өрттері қаупі бар аймақтарды болжауда машиналық оқыту модельдеріндегі рекурсивті ерекшеліктерді жоюдың әсерін бағалау // Fire. — 2024. — Т. 7. — № 12. — Б. 440.

Хаммуми Д. және басқалар. (2024). Судың сапасын маусымдық өзгерістер мен негізгі компоненттік талдау (PCA) және су сапасының индексі (WQI) арқылы бағалау: практикалық мысал // Sustainability. — 2024. — Т. 16. — № 13. — Б. 5644.

Фалойе О.Т., Аджайи А.Э., Камчум В., Акинтола О.А., Огунтунде П.Г. (2024). Био көмір және минералды тыңайтқыштардың топырақ сапасы мен жүгері өнімділігіне әсерін негізгі компоненттік талдау арқылы бағалау // Agronomy. — 2024. — Т. 14. — № 8. — Б. 1761.

REFERENCES

Raman R., Kantari H., Gokhale A. A., Elangovan K., Meenakshi B., Srinivasan S. (2024). Agriculture Yield Estimation Using Machine Learning Algorithms // 2024 International Conference on Automation and Computation (AUTOCOM), IEEE. — 2024. — Pp. 187–191.

Akintuyi O.B. (2024). Adaptive AI in precision agriculture: a review: investigating the use of self-learning algorithms in optimizing farm operations based on real-time data // — *Research Journal of Multidisciplinary Studies.* — 2024. — Vol. 7. — No. 02. — Pp. 016–030.

Huo D., Malik A.W., Ravana S.D., Rahman A.U., Ahmedy I. (2024). Mapping smart farming: Addressing agricultural challenges in data-driven era // Renewable and Sustainable Energy Reviews. — 2024. — Vol. 189. — P. 113858.

Tussupov J., Yessenova M., Abdikerimova G., Aimbetov A., Baktybekov K., Murzabekova G., Aitimova U. (2024). Analysis of formal concepts for verification of pests and diseases of crops using machine learning methods // IEEE Access. — 2024.

Tussupov J., Abdikerimova G., Ismailova A., Kassymova A., Beldeubayeva Z., Aitimov M., Makulov K. (2024). Analyzing disease and pest dynamics in steppe crop using structured data // IEEE Access. — 2024.

Wijayanti E.B., Setiadi D.R.I.M., Setyoko B.H. (2024). Dataset Analysis and Feature Characteristics to Predict Rice Production based on eXtreme Gradient Boosting // — *Journal of Computing Theories and Applications.* — 2024. — Vol. 1. — No. 3. — Pp. 299–310.

Reddy N., Manimegalai T. (2024). Predicting the crop yield in agriculture using gradient boosting algorithm in comparison of naive bayes algorithm // AIP Conference Proceedings. — 2024. — Vol. 2853. — No. 1.

El-Kenawy E.S.M., Alhussan A.A., Khodadadi N., Mirjalili S., Eid M.M. (2024). Predicting potato crop yield with machine learning and deep learning for sustainable agriculture // Potato Research. — 2024. — Pp. 1–34.

Yang Y., Zhou X., Xu J., Wang H., Liu L., Cao W. Coupling mutual information into ecological networks to analyze the sustainability of water-energy nexus: A case study of Yangtze River Economic Belt // — *Journal of Cleaner Production.* — 2024. — Vol. 448. — P. 141705.

Zhao X., Zhang M., Xiao Z., Kang B. (2024). Evaluating the reliability and relative weight of the evidence using approximate evidential mutual information // — *Engineering Applications of Artificial Intelligence.* — 2024. — Vol. 133. — P. 108409.

Kamaraj V.V., Maran P.S., Ranjana P. (2024). Modified recursive feature elimination (MRFE) technique for soil classification and better crop production // AIP Conference Proceedings. — 2024. — Vol. 3075. — No. 1.

Ingio J.A., Nsang A.S., Iorliam A. (2024). Optimizing Rice Production Forecasting Through Integrating Multiple Linear Regression with Recursive Feature Elimination // — *Journal of Future Artificial Intelligence and Technologies.* — 2024. — Vol. 1. — No. 2. — Pp. 96–108.

Xiong L., An J., Hou Y., Hu C., Wang H., Chen Y., Tang X. (2024). Improved support vector regression recursive feature elimination based on intragroup representative feature sampling (IRFS-SVR-RFE) for processing correlated gas sensor data // —*Sensors and Actuators B: Chemical.* — 2024. — Vol. 419. — P. 136395.

Barzani A.R., Pahlavani P., Ghorbanzadeh O., Gholamnia K., Ghamisi P. (2024). Evaluating the Impact of Recursive Feature Elimination on Machine Learning Models for Predicting Forest Fire-Prone Zones // Fire. — 2024. — Vol. 7. — No. 12. — P. 440.

Hammoumi D. et al. (2024). Seasonal variations and assessment of surface water quality using water quality index (WQI) and principal component analysis (PCA): a case study // Sustainability. — 2024. — Vol. 16. — No. 13. — P. 5644.

Faloye O.T., Ajayi A.E., Kamchoom V., Akintola O.A., Oguntunde P.G. (2024). Evaluating impacts of biochar and inorganic fertilizer applications on soil quality and maize yield using principal component analysis // Agronomy. — 2024. — Vol. 14. — No. 8. — P. 1761.

INTERNATIONAL JOURNAL OF INFORMATION AND COMMUNICATION technology
ISSN 2708–2032 (print)
ISSN 2708–2040 (online)
Vol. 6. Is. 1. Number 21 (2025). Pp. 40–57
Journal homepage: https://journal.iitu.edu.kz
https://doi.org/10.54309/IJICT.2025.21.1.003

ӘОЖ 004.4
ҒТАМА 20.53.27

USING CLOUD TECHNOLOGY FOR THE FORMATION OF DIGITAL LITERACY OF STUDENTS

B. Tassuov[1]*, A.N. Amanbayeva[1], S. Saktioto[2]
[1]Taraz University named after M.H. Dulaty, Taraz, Kazakhstan;
[2]Universitas Riau, Pekanbaru, Indonesia.
E-mail: bolat_ktn@mail.ru

Tassuov Bolat — candidate of Technical Sciences, associate professor, dean of the Faculty of Natural Sciences, M.H. Dulati Taraz University, Taraz, Kazakhstan
E-mail: bolat_ktn@mail.ru, https://orcid id/0000-0002-2000-6720;
Amanbayeva Ardak Nurgalikyzy — senior lecturer, M.H. Dulati Taraz University, Taraz, Kazakhstan
E-mail: ardak_7070@mail.ru, https://orcid id/0000-0003-4404-3398;
Saktioto Saktioto — Doctor of Physics, professor, [2]Universitas Riau, Pekanbaru, Indonesia
E-mail: saktioto@lecturer.unri.ac.id, https://orcid. id/ 0000-0001-9200-8998.

Abstract. The article discusses the prospects of using cloud technology in the educational process. The effective methods and approaches of increasing the level of digital literacy of students using cloud technology are analyzed. Digital literacy plays a key role in self-education and socialization in the modern information society, contributing to the professional and personal development of students. However, international studies have shown that the level of digital literacy of Kazakhstani students remains insufficient. Modern computer science textbooks provide a methodically sound basis for propaedeutic training of students, forming the foundations of digital literacy. However, the process of its development is complicated by the lack of a systematic approach to the presentation of educational materials.This gap can be filled by combining academic and extracurricular activities aimed at solving this problem.

Keywords: cloud technology, digital literacy, students, Internet, information technology

For citation: B. Tassuov, A.N. Amanbayeva, S. Saktioto. USING CLOUD TECHNOLOGY IN THE EDUCATIONAL PROCESS TO DEVELOP STUDENTS' DIGITAL LITERACY SKILLS//INTERNATIONAL JOURNAL OF INFORMA-TION AND COMMUNICATION technology. 2025. Vol. 6. No. 21. Pp. 40–57 (In Kaz.). https://doi.org/10.54309/IJICT.2025.21.1.003.

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ЦИФРЛЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МАҚСАТЫНДА БҰЛТТЫ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ

Б. Тасуов[1*], А.Н. Аманбаева[1], С. Сактиото[2]
[1]М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті, Тараз, Қазақстан;
[2]Риау университеті, Пеканбару, Индонезия.
E-mail: bolat_ktn@mail.ru

Тасуов Болат — техн.ғ.к., қауымдастырылған профессор, Жаратылыстану ғылымдары факультетінің деканы, М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті, ҚР, Тараз
E-mail: bolat_ktn@mail.ru, https://orcid id/0000-0002-2000-6720;
Аманбаева Ардақ Нұрғалиқызы — М.Х. Дулати атындағы Тараз университетінің аға оқытушысы, магистр, ҚР, Тараз
E-mail: ardak_7070@mail.ru, https://orcid id/0000-0003-4404-3398;
Сактиото Сактиото — физика докторы, профессор, Риау университеті, Пеканбару, Индонезия
E-mail: saktioto@lecturer.unri.ac.id, https://orcid. id / 0000-0001-9200-8998.

Аннотация. Бұл мақалада білім беру үрдісінде бұлтты технологияны қолдану перспективалары қарастырылады. Бұлтты технологияларды қолдану арқылы білім алушылардың цифрлық сауаттылық деңгейін арттырудың тиімді әдістері мен тәсілдері талданды. Цифрлық сауаттылық білім алушылардың кәсіби және жеке қалыптасуын қамтамасыз ететін заманауи ақпараттық қоғамда өзін-өзі тәрбиелеу және әлеуметтену қабілеттерін дамытуда маңызды рөл атқарады. Алайда, Қазақстанның халықаралық зерттеулерге қатысу тәжірибесі білім алушылардың цифрлық сауаттылығын дамытудың жеткіліксіз деңгейін көрсетті. Бүгінгі таңда қолданылатын информатика оқулықтары білім алушыларды цифрлық сауаттылықтың негізгі компонентін қалыптастыруға пропедевтикалық дайындықты әдістемелік сауатты және тиімді жүргізуге мүмкіндік беретін негізді қамтиды. Бірақ цифрлық сауаттылықты дамыту үшін оқу материалдарын ұсынудың ұйымдастырылған жүйесінің болмауы байқалады. Бұл олқылықтың орнын толтыру осы мәселені шешуге бағытталған оқу және сабақтан тыс жұмыстарды біріктіру арқылы мүмкін бола алады.

Түйін сөздер: бұлтты технологиялар, цифрлық сауаттылық, білім алушылар, интернет, ақпараттық технологиялар

Дәйексөздер үшін: Тасуов Б., Аманбаева А.Н., С. Сактиото. БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ЦИФРЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МАҚСАТЫНДА ОҚУ ПРОЦЕСІНДЕ БҰЛТТЫ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ//ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТТЫҚ ЖӘНЕ КОММУНИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖУРНАЛЫ. 2025. Т. 6. No. 21. 40–57 бет. (қазақ тілінде). https://doi.org/10.54309/IJICT.2025.21.1.003.

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ОБЛАЧНЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В ЦЕЛЯХ ФОРМИРОВАНИЯ ЦИФРОВОЙ ГРАМОТНОСТИ ОБУЧАЮЩИХСЯ

Б. Тасуов[1*], А.Н. Аманбаева[1], С. Сактиото[2]
[1]Таразский университет имени М.Х. Дулати, Тараз, Казахстан;
[2]Университет Риау, Пеканбару, Индонезия.
E-mail: bolat_ktn@mail.ru

Тасуов Болат — кандидат технических наук, ассоциированный профессор, декан факультета Естественных наук, Таразский университет имени М.Х. Дулати, Тараз, Казахстан
E-mail: bolat_ktn@mail.ru, https://orcid id/0000-0002-2000-6720;
Аманбаева Ардақ Нұрғалиқызы — старший преподаватель Таразского университет имени М.Х. Дулати, Тараз, Казахстан
E-mail: ardak_7070@mail.ru, https://orcid id/0000-0003-4404-3398;
Сактиото Сактиото — доктор физики, профессор, Университет Риау, Пеканбару, Индонезия
E-mail: saktioto@lecturer.unri.ac.id, https://orcid. id / 0000-0001-9200-8998.

Аннотация. В статье рассматриваются перспективы применения облачных технологий в образовательном процессе. Проанализированы эффективные методы и подходы повышения уровня цифровой грамотности обучающихся с использованием облачных технологий. Цифровая грамотность играет ключевую роль в самообразовании и социализации в современном информационном обществе, способствуя профессиональному и личностному развитию обучающихся. Однако международные исследования показали, что уровень цифровой грамотности казахстанских учащихся остается недостаточным. Современные учебники информатики предоставляют методически обоснованную базу для пропедевтической подготовки обучающихся, формируя основы цифровой грамотности. Тем не менее, процесс ее развития осложняется отсутствием системного подхода к подаче учебных материалов. Восполнить этот пробел можно путем объединения учебной и внеурочной деятельности, направленной на решение данной проблемы.

Ключевые слова: облачные технологии, цифровая грамотность, обучающиеся, интернет, информационные технологии

Для цитирования: Тасуов Б., Аманбаева А.Н., Сактиото С. ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ОБЛАЧНЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В УЧЕБНОМ ПРОЦЕССЕ ДЛЯ ФОРМИРОВАНИЯ НАВЫКОВ ЦИФРОВОЙ ГРАМОТНОСТИ ОБУЧАЮЩИХСЯ//МЕЖДУНАРОДНЫЙ ЖУРНАЛ ИНФОРМАЦИОННЫХ И КОММУНИКАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ. 2025. Т. 6. No. 21. Стр.40–57. (На русс.). https://doi.org/10.54309/IJICT.2025.21.1.003.

Кіріспе

Қазіргі заманғы білім беру жүйесінде бұлтты технологияларды пайдалану білім алушылардың цифрлық сауаттылығын дамытуда маңызды рөл атқарады. Бұл зерттеуде оқу процесінде бұлтты технологияларды қолданудың артықшылықтары, олардың білім алушылардың ақпараттық-коммуникациялық дағдыларын жетілдіруге әсері қарастырылады. Бүгінгі күнде ақпараттық технологиялар мен цифрлық құралдардың дамуы білім беру жүйесіне елеулі өзгерістер енгізді. Цифрлық сауаттылық, яғни ақпаратты тиімді пайдалану, бағалау, талдау және қолдану кез келген білім алушы үшін маңызды дағдылардың бірі болып табылады. Қазақстанның білім беру саласында цифрлық сауаттылықты арттыру – ұлттық білім берудің басты міндеттерінің бірі. Осыған орай, бұл міндетті жүзеге асыруда тиімді құрал ретінде бұлтты технологияларды қолданудың маңызы зор.

Цифрлық сауаттылық – XXI ғасырдың басты дағдыларының бірі болып табылады. Білім алушылардың бұлтты технологияларды меңгеруі олардың ақпараттық-коммуникациялық құзыреттілігін арттырып қана қоймай, сонымен қатар деректермен жұмыс істеу, онлайн құралдарды пайдалану және қашықтан бірлесіп әрекет ету дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

Зерттеу өзектілігі: бұлттық технологиялар білім беру процесінде білім алушылардың шығармашылық және зерттеу дағдыларын дамытуға мүмкіндік беретін инновациялық платформаларды ұсынады. Білім алушыларға білім беру барысында бұлттық технологияларды тиімді пайдалану, оларды ақпараттық ресурстармен қамтамасыз ету, сондай-ақ жекелей оқу траекторияларын құру – заманауи білім беру жүйесінің маңызды аспектілері болып табылады.

Зерттеудің мақсаты: Оқу процесінде бұлтты технологияларды қолдану арқылы білім алушылардың цифрлық сауаттылық дағдыларын дамыту жолдарын анықтау.

Зерттеу барысында мынадай міндеттер шешіледі:

– Білім беру саласында бұлтты технологияларды қолданудың зерттеулерін және тәжірибелерін талдау;

– Бұлтты технологиялар арқылы қалыптасатын цифрлық сауаттылықтың негізгі компоненттерін айқындау;

– Бұлтты технологиялардың білім алушылардың оқуға деген ынтасын арттыру және академиялық нәтижелеріне әсерін бағалау;

– Оқу процесінде бұлтты технологияларды тиімді пайдалану арқылы білім алушылардың цифрлық сауаттылығын дамытуға арналған ұсыныстар әзірлеу.

Зерттеу әдістері:

– Ғылыми әдебиеттерді зерттеу және талдау;

– Нормативтік-құқықтық құжаттарды қарастыру;

– Эмпирикалық зерттеулер жүргізу (сауалнама, сұхбат).

Қоғамды ақпараттандыру және компьютерлендіру жаңа ғылыми-

техникалық негізді қалыптастырып, білім беру қызметінің жаңа формаларының дамуына, интернет желісінде жұмыс істейтін виртуалды оқу орындарының пайда болуына себеп болды. Виртуалды білім беру кеңістігін құру – педагогика саласындағы маңызды міндеттердің бірі, атап айтқанда білім беру процесін ұйымдастырудың тиімді формаларын жасауда маңызы зор.

XXI ғасырдың басында пайдаланушыларға мәліметтер базасына және сервистерге қашықтан қол жеткізуді қамтамасыз ету үшін технология әзірлене бастады. Бұл технология «бұлттық технологиялар» деп аталды. Дегенмен, бұл технологиялардың білім беру саласында қолданылуы салыстырмалы түрде жақында ғана басталды және бұл ұғым білім беру жүйесіне біртіндеп енгізілуде (Garrison et al., 2020: 320–346; Anderson et al., 2017: 89–105; Alqahtani et al., 2020: 5261–5280). Қазіргі таңда білім беру процесіне бұлтты технологияларды енгізу – білім беру жүйесіндегі ең перспективалы инновациялардың бірі болып саналады. Оларды пайдалану ақпараттық инфрақұрылымға жұмсалатын шығындарды едәуір қысқартуға мүмкіндік береді, сондай-ақ білім беру ортасында білім сапасын жақсартуға бағытталған қосымша қызметтердің қолжетімділігін арттырады. Бұдан бөлек, бұлтты қызметтер жеке оқыту әдістерін әзірлеуде өте тиімді құрал болып табылады, бұл білім беру процесін өнімді әрі қызықты етеді.

Жалпы, бұлтты қызметтер – интернет арқылы браузер немесе басқа да желілік қолданбалар арқылы қолжетімді. Әдеттегі бағдарламалық қамтамасыздандырумен жұмыс істеу әдісінен айырмашылығы, пайдаланушы өз компьютерінің немесе жергілікті желісінің қызметтер ресурстарын емес, интернет-қызмет ретінде ұсынылатын қуаттарды пайдаланады.

Қазіргі уақытта бұлтты жүйелерді орналастырудың төрт моделі бар. Олар:

- Жеке бұлт: тек бір ұйым үшін, бірақ бірнеше бөлімшелері бар. Ол ұйымның өзінде немесе үшінші тараптың меншігінде болуы мүмкін;

– Жалпы бұлт: кең ауқымға арналған және коммерциялық, ғылыми немесе мемлекеттік ұйымдар иелігінде болуы мүмкін.

– Гибридті бұлт: жеке және қоғамдық бұлттық инфрақұрылымдардың үйлесімі болып табылады, олар дербес нысандар ретінде жұмыс істейді, бірақ өзара байланысқан.

- Қоғамдық бұлт:белгілі бір тұтынушылар қауымдастығына арналған, ортақ мақсаттары бар ұйымдарға қызмет көрсетеді.

Бұлтты технологиялар ресурстарды онлайн-сервис ретінде ұсынады: ақпарат бұлтты қоймада сақталатындықтан, флеш-картаға деген қажеттілік жойылады, әрі қосымша бағдарламалық қамтамасыз етуді компьютерге орнату талап етілмейді. Бұл технологиялардың басты мақсаты – пайдаланушыларға қашықтан деректерді өңдеу мүмкіндігін ұсыну.

Бүгінде білім берудің барлық деңгейлерінде бұлтты технологияларды қолдану топтық жобалармен жұмыс істеуге, қашықтан оқытуға, педагогикалық тәжірибе алмасуға, сондай-ақ ғылыми конференциялар мен семинарлар

ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, интернет-конференциялар мен вебинарларды өткізуге жағдай жасайды.

Бұлтты технологиялардың білім беру саласындағы қолдану бағыттары:

Оқу және оқыту: бұлтты технологиялар арқылы білім беру бағдарламалары мен курстарын ұйымдастыру мүмкіндігі туындайды. Интернет арқылы оқыту платформалары (Coursera, edX, Moodle және т.б.) әлемнің кез келген жерінен қатысуға мүмкіндік береді. Мұғалімдер мен білім алушылар виртуалды сынып бөлмелерінде сабақ жүргізіп, тапсырмаларды онлайн түрде орындайды. Сонымен қатар, жеке білім алу траекториясын жасау үшін адаптивті оқыту жүйелері де қолданылады.

Білім алушылардың бағалануы: бұлтты жүйелер білім алушылардың бағаларын жинақтап, автоматтандырылған бағалау жүйелерін енгізуге мүмкіндік береді. Білім алушылардың білім деңгейін онлайн бағалау, бақылау тесттерін өткізу, оларды нақты уақыт режимінде талдау мүмкіндіктері оқу үдерісін жетілдіреді (Cheng, 2019: 103747; Picciano, 2022: 101–123; Siemens, 2020: 12–19). Бұлтты технологиялар оқытушының мүмкіндіктерін айтарлықтай кеңейтеді:

– Жеке оқыту әдістерін әзірлеуге арналған тиімді құрал;
– Оқу процесін тек аудиторияда ғана емес, интернетке қосылған кез келген жерде жүргізуге мүмкіндік береді;
– Бір құжатпен бірнеше адамның бір уақытта жұмыс істеуіне жағдай жасайды (топтық жобалар мен қашықтан жұмыс ұйымдастыру үшін қолайлы);
– Жеке кәсіби қызмет стилін дамытуға ықпал етеді;
– Бақылау мен кері байланысты тиімді жүргізуге мүмкіндік береді.

Қазіргі заманғы сабақтар білім алушылардың белсенділігін арттыру мақсатында электрондық білім беру ресурстарын қолданатын оқыту әдістерін қолдануды қажет етеді.

Білім беру процесінде қазіргі білім алушы тек білім мен дағдыларды жинақтаумен ғана шектелмей, өздігінен және басқа адамдармен бірге мақсаттар қойып, өзін-өзі оқыту жағдайларын құрып, мәселелерді шешу құралдары мен әдістерін іздеп, ақпараттық сауаттылықты қалыптастыруы қажет.

Білім беру процесінде тұлғаның ақпараттық сауаттылығын дамытуға арналған заманауи құралдардың бірі – бұлтты технологиялар болуы мүмкін. Бұлтты технологияларды енгізу білім алушылардың жеке білім беру траекторияларын құруға, дүниетаным, құндылықтар жүйесін қалыптастыруға және ойлау дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Бұдан басқа, бұлтты технологияларды дұрыс қолдану білім алушылардың мотивациясын арттырып, материалды игеру сапасын жақсарта алады.

Білім беру кезінде қолданылатын онлайн-сервистерге мыналар жатады:

- Менталды карталар MindMap;
- LearningApps.org сервисін қолдану;
- Edmodo – мұғалімдер мен білім алушыларды байланыстыратын бұлттық платформа;
- Schoology – сабақтарды жоспарлау және білім алушылармен байланыс үшін;
- Blackboard Learn – университеттер мен мектептерге арналған оқыту платформасы;
- Kahoot! – интерактивті тесттер мен викториналар жасау;
- Quizizz – білімді бағалау үшін интерактивті сұрақтар;
- Socrative – білім алушылардың білімін бағалау мен кері байланыс алу;
- Mentimeter – интерактивті сауалнамалар мен презентациялар;
- Google Sites – оқу ресурстарын құру және жариялау және т.б. сервистер.

Бұлтты технологияларды енгізу бойынша әлемдегі тәжірибелер:

АҚШ пен Ұлыбритания мемлекеттерінде: бұл елдерде бұлтты технологияларды қолдану білім беру жүйесінде кеңінен таралған. Google Classroom, Microsoft Teams, Zoom сияқты платформалар оқу орындарында өте танымал. Сонымен қатар, АҚШ-та көптеген университеттер мен колледждер өздерінің білім беру бағдарламаларын бұлтты негізде ұйымдастырады.



Сурет 1 - АҚШ пен Ұлыбританияда білім беру саласында ең жиі қолданылатын бұлттық технологиялар

